

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2019 жылғы 12 қараша

Жыл басынан бері БЖЗҚ-да 308 мыңнан астам зейнетақы шоты ашылды

2019 жылдың 9 айы ішінде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) 308,5 мың жеке зейнетақы шоттары ашылды. Олардың ішінде 273,6 мың шот міндетті зейнетақы жарналары, 28,0 мың шот міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ал 6,9 мың шот ерікті зейнетақы жарналары есебінен ашылған.

Егер жаңадан ашылған міндетті зейнетақы шоттарының құрылымын қарастыратын болсақ, олардың 64 пайызын 30 жасқа дейінгі салымшылар ашқан. Міндетті зейнетақы жарналары бойынша ашылған жеке зейнетақы шоттарының 27,3 пайызы 30 жастан 50 жасқа дейінгі азаматтарға тиесілі. 50 жастан кейін де зейнетақы жарналарын аударуды қолға алған адамдар бар. Мысалы, 2019 жылы 60 жастан асқан 2 мыңға жуық салымшы тұңғыш рет Қорға міндетті зейнетақы жарналарын аударып бастады.

Жеке зейнетақы шоттарын тұңғыш рет ашқан 50 мыңдай адам Бірыңғай жиынтық төлемді (БЖТ) жүзеге асырушылар болып табылады.

Еске сала кетелік, өзін-өзі жұмыспен қамтушы азаматтарға арналған бұл төлем 2019 жылдың қаңтар айында енгізілген болатын. БЖТ арқылы бір мезетте 4 төлемді: Мемлекеттік кіріс органына жеке табыс салығын, БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналарын, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымды және Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына әлеуметтік жарнаны төлеуге болады.

Жыл басынан бері БЖТ төлеу аясында Қорға 330 мыңнан астам жарна келіп түсті.